ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атындағы
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ

KHOJA AHMET YASSAWI
INTERNATIONAL
KAZAKH-TURKISH UNIVERSITY
Turkestan, Kazakhstan

АХМЕТ ЯСАУИ
УНИВЕРСИТЕТІ

HOCA AHMET YESEVİ
ULUSLARARASI TÜRK-KAZAK
ÜNİVERSİTESİ

МЕЖДУНАРОДНЫЙ
КАЗАХСКО-ТУРЕЦКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
имени ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ
Республика Казахстан, Туркестан

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 161200, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29, ректорат ғимараты
Tel: (72533) 9-71-28, 9-74-74, 9-72-63, 9-71-36 . e-mail: info@ayu.edu.kz

№_____ "____" _____202__ж.

Қазақстан Республикасының
жоғары оқу орындарының Ректорларына

Құрметті әріптестер!

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасы Э.А. Азимованың бастамасымен және Түркістан облысы әкімінің қолдауымен 2026 жылғы 26-27 қараша күндері Түркістан қаласында «Dialogue of Cultures: Диалог культур 2026» II халықаралық симпозиумы өтеді.

Симпозиум ұлттық құқықтық мұра мен құқық философиясын қазіргі заманғы конституционализм және халықаралық стандарттар аясында зерделеуге арналған. Іс-шара конституциялық бақылау органдарының, халықаралық ұйымдар мен БҰҰ агенттіктерінің, мемлекеттік органдардың, ғылыми және сарапшылық қоғамдастықтың өкілдерін біріктіріп, құқықтық мәдениетті дамыту жөнінде ғылыми пікір алмасуға және тәжірибе бөлісуге мүмкіндік береді.

Ғылыми талқылаулар барысында құқықтық мемлекетті нығайтуға, құқықтық институттарға қоғамдық сенімді арттыруға және конституциялық құндылықтарды орнықтыруға ерекше назар аударылады. Осы бағыттардағы конституциялық сот төрелігінің рөлі әділетті қоғам қалыптастырудағы заң мен тәртіптің маңызымен байланыстыра қарастырылады.

Осыған орай Сіздер басқарып отырған жоғары оқу орындарының заң факультеттерінің декандарын және олардың орынбасарларын, сондай-ақ аталған тақырыптар бойынша зерттеу жүргізіп жүрген немесе осы бағыттарға ғылыми қызығушылық танытатын ғалымдар мен зерттеушілерді симпозиумға тыңдаушы ретінде қатысуға құрметпен шақырамыз.

Әріптестеріміздің қатысуы ғылыми пікір алмасудың мазмұнын байытып, университеттер арасындағы ғылыми ынтымақтастықты нығайтады деп сенеміз. Аталған мамандардың симпозиумға қатысуына қолдау көрсетулеріңізді сұраймыз.

Іссапар шығыстары қатысушылардың өз есебінен төленеді.

Симпозиум бағдарламасы қосымша жолданады.

Қосымша мәлімет алу және қатысуды растау үшін Мамырханова Айгерім Сәкенқызымен +7 701 982 66 77 нөмірі арқылы байланысуға болады.

Құрметпен,
Ректор **Ж. Темірбекова**

Бланк сериялық нөмірсіз жарамсыз болып табылады. Жауап қайтарда міндетті түрде бірдің нөмір мен күні көрсетілуі керек.
Бланк без серийного номера недействителен. При ответе обязательно ссылаться на наш номер и дату.

K-Q
TSE-ISO-EN
9000